

осы мақсатқа тартылған тиісті дайындығы және лицензиясы бар мамандар да көрсете алады.

2. Көрсетілген қызмет үшін ақы төлеудің тәртіптері мен шарттары

Көрсетілген қызмет үшін ақы Қазақстан Республикасы Ішкі істер Министрлігінің 1993 жылғы 29 наурыздағы N 126 бұйрығымен тергеу изоляторларындағы адамдардың бет есебінен төленеді.

Қызмет көрсетудің бағасын облыстардың ішкі істер басқармасының қылмыстық-атқару жүйесі басқармасының (бөлімінің) бастығы бекітеді.

3. Тергеу изоляторларындағы адамдарға көрсетілетін қосымша ақылы қызмет көрсету түрлерінің тізімі

Тергеу изоляторларындағы адамдарға қосымша ақылы мынадай тұрмыстық, медициналық, сауықтыру және тағы басқа қызмет көрсету түрлері жасалады:

- жекелеген емдеудің түрлері;
- денсаулық сақтау органдарының дәрігер-мамандарының кеңесі;
- киімдерді және іш киімдерді жуу, жөндеу;
- аяқ киімдерді жөндеу;
- үлгімен шаш алдыру, шашты әдемілеу, қыру;
- тергеу изоляторының жеке құрамына асханадан тамақтар жеткізу;
- электрсытқыштар, электрбритвалар, электрвентиляторлар, тоңазытқыштар, радиоқабылдағыштар және теледидарларды уақытша пайдалануға беру;
- заң кеңестері;
- мекемедегі адамның жеке ісіндегі құжаттардың көшірмесін түсіру;
- азық-түлік және өнеркәсіп тауарларын тапсыруға ресімдеу үшін азаматтарға бланктер сату;
- тұрмыстық жағдайы жақсартылған камералар беру.

Ақылы қызмет көрсетудің жекелеген түрлерінің тәртібі, режим талабына сәйкес болуы тиіс.

Бухгалтерлік және басқа да есеп берудің түрлері Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген бухгалтерлік есеп және есеп беру туралы Ережесіне сәйкес жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер Министрлігі жанындағы

Қылмыстық-атқару жүйесі
Департаментінің бастығы

ішкі қызмет полковнигі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК